

Ленин тууы

Шығуына
26-шы жыл
№ 78
(6779)
1944 жыл
Сәрсенбі
19 апрель
Бағасы
20 тыйын

КК(Б)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының Облыстық Кеңесінің және КК(Б)П Петропавл қалалық комитетінің органы

Жоғарғы Бас қолбасшының БҮЙІРЫҒЫ

Бүгін, 17 апрельде, 18 сағатта Киев қаласында, 1-Украин майданы басқарған армия генералы ВАТУТИННИИ сүйегі жерленеді. Кеңестер Одағының армиясы мен флоты ВАТУТИННИИ табына алдында өздерінің жауынгерлік туларын иіп тәжім етіп, Қызыл Армияның таңдаулы қолбасшыларының біріне хұрмет көрседі.

Армия генералы ВАТУТИННИИ жерлеу сағатында маркұмға қырғы рет әскери хұрмет көрсетуге және Отанымыздың астанасы МОСКВАда жыйырма төрт зеңбіректен жыйырма төрт дүркін қатып, хұрмет көрсетуге БҮЙІРАМЫН.

Жоғарғы Бас қолбасшы Кеңестер Одағының Маршалы И. СТАЛИН.

1944 жылғы 17 апрель.

Қазақ КСРның бірінші сайланған Жоғарғы Кеңесінің VII сессиясы

Сессияның 12 апрельдегі мәжілісі туралы хабар

12 апрельде, таңертең сағат 11де Қазақ КСРның бірінші сайланған Жоғарғы Кеңесінің VII сессиясының бірінші мәжілісі ашылды. Председательдің столы жанынан Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің председателі депутат Н. Бозжанов, председателінің орынбасарлары депутаттар А. В. Радищев пен Н. Досқожамова орын алды.

Мәжілісті Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің председателі депутат Н. Бозжанов басқарды.

Күн тәртібі—Қазақ КСРның 1944 жылғы мемлекет бюджеті мен Қазақстанның 1940, 1941, 1942 жылдардағы мемлекет бюджетінің орындалуы туралы баяндама мен қосымша баяндаманы талқылау.

Қазақстан КСР Сауда Халық Комиссары Омаров жолдас жарыс өзге шықты. Ол сауда ұйымдарының жергілікті шикі заттардан көпшілік қолды бұйымдар өндіруі жөнінде айтты. 1943 жылдың аяғына дейін республиканың сауда орындары 1.200 өндіріс орындарын ұйымдаспырды. Олар өткен жылдың ішінде 20 миллион сомның бұйымды өндірді. Балық аулау ісі жергілікті ішкі істерде кең өріс алды. Өткен жылы 3.000 тоннадан аса балық ауланды.

—Сауда орындарының жұмыстарының жақсы жағымен бірге—деді Омаров жолдас,—көп кемшіліктері де бар. Ол кемшіліктердің ең бастысы—сауда ұйымдарының жергілікті және кооператив өнеркәсіп орындарынан көпшілік қолды бұйымды өндіруді қатты талап еспеуінде.

Омаров жолдас қалалар мен өнеркәсіп орталықтарының маңдарында картоф-овощ қорының берік негізін салу мәселесіне толық тоқталды.

Мәжіліс басқарушы Қазақ КСРның мемлекет бюджеті туралы баяндама және бюджет комиссиясының қосымша баяндамасы бойынша жарыс сөз тоқталсын деген ұсыныс түскендігін айтты. Бұл ұсыныс қабылданды.

Қазақ КСР, Финанс Халық Ко-

миссары И. А. Шугайло жолдас қорытынды сөз сөйледі.

—Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі ұсынған 1944 жылғы республиканың мемлекет бюджеті және Қазақстанның 1940, 1941, 1942 жылдардағы мемлекет бюджетінің орындалуы туралы есептердің проектінің депутаттар бірауыздан мақұлдады.—деді Шугайло жолдас,—бюджет проектісін талқылау—бюджет жетімді республикамыздың экономикалық күшін мұнан былай да нығайтып, ғылым және мәдениеттің өркендету міндеттеріне толығынан қабылдануының көрсеткіші.

Депутаттардың бюджетті бірауыздан мақұлдауы—Қазақстан халқының өкесуарын жауды біржолата талқандау ісіне және жеңіс сағатын жақындату мүддесіне барлық күшін беруге дайын екендігін дәлелдейді.

Қазақстан КСР Жоғарғы Кеңесінің бюджет комиссиясы мемлекет бюджетінің кірлісі 1 миллион 893 мың сом, шығысы 1 миллион 550 мың сом болып өсіп деген ұсыныс кіргізді.

Қазақстан КСР Халық Комиссарлар Кеңесінің тапсыруы бойынша, Шугайло жолдас, бюджет комиссиясының бұл ұсыныстарына Халық Комиссарлар Кеңесінің келісім бергендігін хабарлады.

Халық шаруашылығының, хажегіне және кейбір облыстар мен аудандардың әлеумет-мәдениет шараларына шығарылатын қаржыны өсіру жөнінде де депутаттардың бір қатар ұсыныстары қабылданды.

Қазақстан КСРның мемлекет бюджетін орындау,—деді Шугайло жолдас,—батыр Қызыл Армияның жауынгерлік қуаты мұнан былай да күшейту ісіне берілетін орасан зор вклад және бұл бізді жеңіске бастап отырған Жоғарғы Бас қолбасшымыз Кеңестер Одағының Маршалы Сталин жолдасын басшылығы арқасында жауды тез талқандап, толық жеңіске жетуге жәрдемдеседі.

(Жалғасы 2-бетте).

Кеңес Хабаршы бюросынан

17 АПРЕЛЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

17 апрельде КИШИНЕВ бағытында әскерлеріміз дұшпанның қарсылығы мен қарсы шабуылдарын және отырып, ДНЕСТРДІН оң жақ жағалауында өздерінің қолға алған табан тірейтін шептерін кеңейту жөнінде ұрыстар жүргізді, сөйтіп өз шептерін жақсартты.

СЕВАСТОПОЛЬ бағытында әскерлеріміз Қырымның оңтүстік жағалауының таулы-орманды бөлегінде дұшпанның қарсылығы мен инженерлік қоршау жүйесін және отырып, шабуыл жасауда болды, сөйтіп МЕКЕНЗИЯ, ЧЕРКЕЗ-КЕРМЕН, УППА, УЗЕНБАШ, ВЕРХНИЙ ЧОРГУНЬ, МУХАЛАТКА, МЕЛАС, ФОРС, БАЙДАРЫ, ВАРНУТКА селоларын ұрыспен алды.

Майданның басқа учаскелерінде бірсыпыра жерлерде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

16 апрельде әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 60 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 62 самолеті атып түсірілді.

АВИАЦИЯМЫЗДЫҢ ГАЛАЦ ТЕМІР ЖОЛ ТОРАБЫ МЕН ӨЗЕН ПОРТЫНА ЕСЕЛЕП ШАБУЫЛ ЖАСАУЫ

17 апрельге қараған түнде алысқа ұшатын авиациямыз ГАЛАЦ (Румыния) темір жол торабы мен өзен портына еселеп шабуыл жасады. Бомбалаудың нәтижесінде темір жол торабында көптеген өрттер шығып, взрывтар болды. Өрт барған сайын ұлғайып, темір жол торабының едәуір бөлегін алып кетті—дұшпанның әс-

кери эшелондары мен соғыс складтары жанды. Порттан сапарға шыққан және оған әзір тұрған кемелерге бомбалардың дәл тигендігі байқалды. Сапарға шыққан 2 корабльде күшті взрывтар болды.

Барлық самолеттеріміз өз базаларына қайтып келді.

* * *

Кишинев бағытында Н. құрамасының бөлімдері Днестр өзенінің оң жақ жағалауында табан тірейтін шептерді кеңейту жөнінде ұрыстар жүргізді. Жүздеген отрядтарымыз дұшпанның тылына өтіп, неміс әскерлерінің тобына тұтқыйындан соққы берді. Танкшілеріміз жауға қарсы оқ атып және оларды танктің табанымен таппап, бір батальондай гитлершілді жер жастантты, дұшпанның бірнеше бронетранспортерін және әртүрлі жүк тиелген 100 ат-арбасын жойды. Ұрыс қыймылдарын ойдағыдай жүргізу нәтижесінде кеңес бөлімдері қолайлы шептерді алды.

Севастополь бағытында әскерлеріміз шабуыл жасауда болды. Қорғану үшін аса қолайлы табиғи шептерді пайдаланып немістер Бельбек өзені шебінде және Черная өзенінің солтүстік-шығыс және шығыс жағындағы биіктерге күшті бекіністі шептер жасады. Дұшпан өзінің бұл қуаты қорғану шебіне сүйеніп, қатты қарсылық көрсетті. Әскерлеріміз артиллериямыздың жәрдемімен алға басты, сөйтіп гитлершілдерді бірнеше елді жерден қуып шығарды. Ұрыстың барысында дұшпан орасан көп шығынға ұшырады. Тек бір учаскеде ғана 1.000нан аса гитлершіл жойылды. Екінші бір ауданда кеңестің штурмшы отрядтары аса қолайлы биікті алды, сөйтіп мұнымен бірге дұшпанның 7 артиллерия батареясын қолға түсірді.

Әскерлеріміз Қырымның оңтүстік жағалауы бойымен ұрыспен алға баса отырып бірсыпыра елді жерлерді алды. Балаклава мен Севастопольға оңтүстік-шығыс жақтан жол ашатын Байдары селосы алынды. Әскерлеріміздің берген соққысы астында кері шегініп бара жатқан немістер жолшыбай көптеген қару-жарақтары мен соғыс жабдықтарын тастап кетуде. Н. бөлімінің жауынгерлері күн тәулiк ішінде жаудан 39 зеңбірек, 108 пулемет, 23 миномет, 87 автомашина және соғыс жабдықтары тиелген ірі керуемді қолға түсірді.

Авиациямыз жер бетіндегі әскерлерімізге белсене көмектесуде. Кеңес ұшқыштары дұшпанның әскер сапына үздіксіз соққы берді. Ушқыштарымыз әуе ұрыстарында және Мыс Херсонес аэродромында немістердің 10 самолетін жойды.

Қара теңіз флотының әуе барлаушылары таңертең дұшпанның транспорты, тез жүзетін 3 десант баржасы және 2 күзет катерімен құралған керуені Севастопольға қарай бара жатқандығын көрді. Флот авиациясы жаудың кемелеріне бомбастурма шабуылын жасады, сөйтіп дұшпанның 3.000 тонналық транспортын және тез жүзетін бір десант баржасын суда батырды. Бұл керуенмен келе жатқан дұшпанның басқа кемелері де зияндалды.

1-Украин майданында генерал-майор Красовскийдің басқаруындағы ұшқыштарымыз екі күні әуе ұрыстарында дұшпанның 30 самолетін атып түсірді.

Полесье облысында қыймыл жасаушы бірнеше белорус партизан отрядтары марттың екінші жартысында немістердің 12 әскери эшелонны қулатты. Тас жолдар мен даңғыл жолдарда кеңес патриоттары жаудың 1 танкін, 15 автомашинасы мен оқ-дәрі тиелген 6 ат-арбасын жойды. Вил

лейскінің Чапаев атындағы партизан отряды бейбіт кеңес азаматтарын еріксіз айдап-апара жатқан неміс полицей-скійлеріне тап берді. Партизандар 40 гитлершілді жойып, немістер Германияға құнды жұмысқа айдап-апара жатқан кеңес азаматтарын азат етті.

Неміс-фашист басқыншылар және олардың румын күйіршіктері румынияның майдан шебіне жақын аудандарындағы тұрғын адамдарын Қызыл Армия туралы неше түрлі өтірік өскертер айтып, қорқытуда. Суайттық фашист пропагандасының әсерімен румынияның қалалары мен селоларының кейбір тұрғын адамдары ормандарға жасырынған. Алайда, Қызыл Армияның жауынгерлері мен алғашқы рет кездесісімен-ақ румын адамдары оларды гитлершілдер аулымдықпен алдағандығына көздері жетуде. Бір-екі күннен кейін босқындар үйлеріне келіп, тыныштықпен тұра бастады.

Алдыңғы кеңес бөлімдері Стефаншти қаласына кірген кезде, оның көшелерінде жан жоқ еді, ал есік, терезелер мен дүкендердің витриналары тактайлармен шөгеленген болатын. Тек екі сағаттан кейін ғана қалаға қоныс көтеріп, бір кемпір мен шал келді. Олар қорқып, жасқанып, жан жағына жалғандай қарап, қаланың басты көшесімен өтті. Ешкім тиігеннен кейін, олар тағыда кетіп қалды. Біраз уақыттан кейін үйлер мен паназардан бірсыпыра адамдар шықты. Кеңес жауынгерлері мен кездескен кезде қаланың тұрғын адамдары ең алғашқыда көшенің екінші жақ бетіне шықты, сөйтіп ақ орамал ұстап, қол көтерді. Еш қандай қауіптің жоқ екендігіне көздері жетіп, румындар мүлде тынышталды. Қазір қалада қалыпты тұрмыс басталды, дүкендер, мастерскойлар мен шашғаразылар ашылды. Сондай-ақ әскерлеріміз алған Берза селосында барлық шаруалар үйлеріне келіп, өздерінің шаруашылықтары мен мүліктерін толық сақтаулы күйінде алды, сөйтіп қабырғаларға жапсырылған фашист плакаттарын жыртып бастады. Черногалу селосында да румын шаруасы Василе Косовану былай деді: «Орыстар үйлерінді өртеп, өзінді өлтіреді деп үнемі айтауда болды. Қазір біз мұның бәрі немістердің өтірігі екендігіне қатты сендік. Қызыл Армияның солдаттары мәдениетті адамдар екен. Олар бейбіт адамдарға кішіпейлдікпен қарайды. Сіздер келер алдында бірер сағат бұрын біз қатты үрейленген едік. Ал қазір сіздерге шын жүректен сүйіспеншілік білдіреміз». Редееуы селосының шаруасы Ион Боляну әскерлеріміз келген кезде орманға жасырынды. Кешке таман ол үйіне келіп, деревня түгелдей бүтін тұрғандығын ал өзінгі үйіне ешбір адам кірмегендігін көрді. Бұл жағдай оны таң қалдырды. Боляну былай деді: «Қызыл Армия деревняларды өртеп, барлық адамдарды өлтіреді деуші еді бізге, соныдан мен орманға жасырынып, барлық шаруашылықымды несіз тастадым. Үйге келсем барлық мал-мүлік түгел тұр екен».

Қызыл Армия алған румын қалалары мен селоларының тұрғын адамдары, барлығы бірдей немістер туралы өшпенділік білдіруде, сөйтіп оларды бұл қылмысты соғыстың ең басты айыптары деп есептейді.

РЕСПУБЛИКАМЫЗДА

ШЫМКЕНТ. Мақта-арал совхоздары жаппай мақта өсіруге кірісті. 502 гектар жерге мақта егілді. Алдыңғы қатардағы Сталин атындағы совхоз 151 гектар жерге тұқым септі.

АЛМАТЫ. Аягөз ауданының «Еңбекші», Киров атындағы «Коммунист» колхоздары дала жұмыстарын бастап, олар 7 гектар жерге дейін егін екті.

Қазақтың Кеңес Социалистік Республикасының бірінші сайланған Жоғарғы Кеңесінің VII сессиясы

Қазақтың Кеңес Социалистік Республикасының бірінші сайланған Жоғарғы Кеңесінің VII сессиясы

Сессияның 12 апрельдегі мәжілісі туралы хабар

(Басы 1-бетте).

Бұл сөздер қатысушылардың ұзақ қол шапалақтауларымен ұлас-ты.

Қазақстан КСР Финанс Халық Комиссариатының орынбасары У. Атанбаев жоюдас қазақ тілінде қорытынды сөз сөйледі.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің бюджет комиссиясының председате-лі депутат В. И. Грузинцевке қоры-тынды сөз берілді.

Ол, кейбір шараларға жұмсалатын қаржыны өсіру жөніндегі Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі-нің ұсынысын бюджет комиссиясы дұрыс деп талқандығын айтты.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі бюджет комиссиясының мүшесі де-путат А. Жұсыпов қазақ тілінде қорытынды сөз сөйледі.

Мұнан кейін сессия бюджетті бе-кітуге кірісті.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Қа-зақстанның 1944 жылғы мемлекет бюджетін бірауыздан бекітті. Әуелі отатъялар бойынша, сонан кейін то-лығымен «Қазақтың Кеңес Соци-алистік Республикасының 1944 жыл-ғы мемлекеттік бюджеті туралы заң» бірауыздан бекітілді.

Сессия күн тәртібіндегі екінші мә-селе — Қазақстан Одақтық (Рес-публикалық, Отан Қорғау Халық Комиссариатын және Қазақстанның, Одақтық-Республикалық, Сыртқы Істер Халық Комиссариатын құру туралы мәселені талқылауға кірісті.

Мәжіліс басқарушы депутат Н. Божанов баяндама жасау үшін Қа-зақстан КСР Халық Комиссарла-ры Кеңесінің Председателі Н. Онда-сынов жоюдасқа сөз берді.

12 апрельде, кешкі сағат 7-де Қа-зақ КСРның бірінші сайланған VII сессиясының алғыншы мәжілісі бол-ды. Председательдің столы жаңы-тан Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің Председателі депутат Н. Божанов, председателдің орынбасарлары де-путаттар М. А. Радичев пен Н. Досқажанова орын алды.

Сессияны Қазақ КСРның Жоғар-ғы Кеңесінің Председателі депутат Н. Божанов басқарды.

Кешкі мәжілісте Қазақ КСР Ха-лық Комиссарлары Кеңесінің Пред-седателі Н. Ондасынов жоюдасын Қазақстан Одақтық-Республика-лық Отан Қорғау Халық Комисса-риатын және Қазақстанның, Одақ-тық-Республикалық Сыртқы Істер Халық Комиссариатын құру туралы баяндамасын талқылау басталды.

Депутаттар А. Кистуов (Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ сайлау округі), А. Жұсыпов (Ақмола облы-сының Зеренді сайлау округі), Қа-зақ КСРның Заң Халық Комиссары М. Нұрбаев жоюдас жарыс сөзге шығып сөйледі.

Жарыс сөзге шығып сөйлегендер-дің барлығы да сессияның қарауы-на ұсынылған заңдарды шын жүрек

пен мақұлдады. Олар өздерінің сөз-дерінде жаңа Халық Комиссариат-тарының құрылуын, Кеңес мемлекет-тінің мұнан былай да нығайтына жа-на адым деп және бұл шара Ленин-Сталин ұлт саясатының жаңа же-ңісінің айқын дәлелі деп тапты.

Сессия Қазақстан Одақтық-Рес-публикалық Отан Қорғау Халық Ко-миссариатын және Қазақстанның Одақтық-Республикалық Сыртқы Істер Халық Комиссариатын құру туралы заңдарды бірауыздан қабыл-дады.

Мұнан кейін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі күн тәртібіндегі үшінші мә-селе — ұйымдастыру мәселелерін тал-қылауға кірісті.

Депутат И. К. Лукьянец қарттар Кеңесінің атынан сөз алып сөйлеп, Қазақстан Жоғарғы Кеңесі Прези-диумының Секретарлығына депу-тат С. Х. Нұрмағанбетов жоюдасы сайлауды ұсынды.

Жоғарғы Кеңес Садық Хұсайы-ұлы Нұрмағанбетов жоюдасын Қа-зақ КСР Жоғарғы Кеңесінің, Сек-ретарлығына бірауыздан сайлады.

Депутат И. К. Лукьянец Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумы-ның мүшелігінен шыққан екі депу-таттың орнына Қазақ КСР Жоғар-ғы Кеңесі Президиумының мүшелі-гіне депутат Н. Н. Козловты және депутат К. Карповты ұсынды.

Жоғарғы Кеңес депутаттар Коз-лов пен Карповты Қазақ КСР Жо-ғарғы Кеңесі Президиумының мүше-лігіне бірауыздан сайлады.

Мұнан кейін Қазақ КСР Жоғар-ғы Кеңесінің сессиясы Қазақстан Жоғарғы Кеңесі Президиумының Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің VI және VII сессиялары арасында қа-былданған Указдары туралы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумы-ның Секретарі депутат С. Х. Нұр-мағанбетовтың баяндамасын тыңда-ды.

Жоғарғы Кеңес бұл Указдарды бірауыздан бекітті.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі, Қа-зақ КСР Жоғарғы сотының Предсе-дателі мен кейбір мүшелері басқа жұмысқа ауысуларымен байланыс-ты, Қазақ КСР Жоғарғы сотының председателдігіне Т. Әділбаев жоюдасы, оның орынбасарлары етіп М. Г. Журавлев жоюдас пен Д. Фамисинов жоюдасы және Қа-зақ КСР Жоғарғы сотының қосым-ша мүшелігіне И. И. Жолонтовский ді, Х. Саттаровты, Г. Галимовты, М. И. Морозованы, Е. Мырзаханов-ты, С. А. Копшованы, Ф. Д. Гивель-жаны, Балысыованы, М. Балполисо-ваны бірауыздан сайлады.

Мәжілісті басқарушы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің председателі депутат Н. Божанов Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі VII сессиясының күн тәртібіндегі мәселелер шешіліп аяқталғанын айтып, сессияны жа-бық деп жариялады.

СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫС ӨРІСТЕУДЕ

Петропавлдың Сталин атындағы қолөнер артелінің жұмысшылары май алдындағы социалистік жарыс-қа жатпай ұштасып, Бүкіл халықтық мерекені өндірістік жаңа жеңістер мен қарсы алу үшін қызу өзірлеу-де.

Пима басу цехының жұмысшыла-ры тәуліктік жоспарды үнемі 200 процент орындап жарыста алда ке-леді. Бұл цехтағы барлық жұмыс

шылардың 80 проценті стахановшы-лар мен екпінділер. Стахановшылар Ефремова, Ибрагимова, Семенова жоюдасар жұмыс мөлшерін 300 процент орындайды.

Социалистік жарыстың неғұрлым кең өрістетілуі нәтижесінде қолөнер артелі апрель айындағы өндірістік жоспарды орындауға жақын.

М. ЕРҒАЛИЕВ.

Қазақ КСРның 1944 жылғы мемлекет бюджеті және 1940, 1941, 1942 жылдардағы мемлекеттік бюджеттің орындалуы туралы

Қазақтың Кеңес Социалистік Республикасының Жоғарғы Кеңесінің бюджет комиссиясының председателі депутат Грузинцевтің қосымша баяндамасы

Депутат жоюдасар! Одақтың Ке-ңес Социалистік Республикасының Халық Комиссарлары Кеңесі Рес-публикамыздың 1944 жылғы мемле-кег бюджетінің, 1940, 1941, 1942 жылдардағы бюджеттің орындалуы туралы есепті сіздердің қарап бекі-туіңізге ұсынды.

Бюджет комиссиясы үкімет ұсын-ған 1944 жылғы мемлекеттік бюд-жетті және 1940, 1941, 1942 жыл-дардағы бюджеттің орындалуы ту-ралы есепті қарап, маған, Жоғарғы Кеңеске мынадай қорытындымызды білдіруді тапсырды.

Қазақ КСРның 1940 жылғы мем-лекеттік бюджет кірісі жағынан 100,6 процент орындалып, шығысы нан 53 миллион сом асып түсті. 1941 жылғы бюджет кірісі жағынан 100,9 процент орындалып шығысы нан 8 миллион сом асып түсті. 1942 жылғы бюджет кірісі жағынан 105,6 процент орындалып, шығысы нан 115 миллион сом асып түсті.

Сонымен, бұл үш жыл бойына Қазақ Республикасы бюджетінің кі-рісі шығысынан үнемі асып отырды. Бюджеттің кірісінің дені соғыс жыл-дарында отан қорғау хажетіне жұм-салып келді.

Депутат жоюдасар! Бюджеттің орындалуы туралы есеп Қазақ КСР үкіметінің бюджет кірісін ойдағыдай орындап, бюджетте белгіленген қар-жыны орнына жұмсау шараларын тынғылықты қолдағанын көрсете-ді.

Неміс-фашист басқыншыларға қарсы соғыс жылдарында Қазақ КСР үкіметі шаруашылық шығында-рын азайту жөнінде бірсыпыра ша-ралар қолданды. Миллиондаған сом үнемделіп, отан қорғау өнеркәсібіне және майданның хажетін өтеуге жұмсалды.

Мемлекет және шаруашылық орындарының қызметкерлері, ол мекемелердің түрлі орындары едә-ур азайтылды.

Республикамызға көшіріп әкелін-ген көптеген кәсіп орындарын тезі-нен қалпына келтіріп, жүргізу жө-нінде орасан көп жұмыс істелді.

Көшірілген халықтың сан мың, баста-шағалары, бала тәрбиелейтін орындар және басқа мекемелер елі-міз үшін ерекше ауыр кезеңде қамқорлықпен қабыл алынып, орна-ластырылды.

Қазақстан еңбекшілері фабрика-лар мен заводтарда, социалистік егін даласында, ғылыми мекемелер-де оқандылықпен еңбек етіп, май-данды оқидарымен, қару-жарақпен, азық-түлікпен, өнеркәсіпті шикі зат-пен үздіксіз жақсартып отырды.

Қазақстанның еңбекшілері оқан-қырлықпен еңбек етіп, бас коман-довашиннің қорына жоспардан тыс өнім берумен қатар, өздерінің қар-жысымен де атсалысып, патриоттық міндетін аброймен орындауда.

Соғыс жылдарында республика-мыздың еңбекшілері отан қорғау ко-рына, танктер мен самолеттер жа-сауға 800 миллион сомнан аса ақша,

мемлекет заемдарының облигацияла-ры, көп астық, ет, сүт, май, бал, же-міс-жүн және тері-терсек берді.

Депутат жоюдасар! Жоғарғы Ке-ңесінің бюджет комиссиясы 1940, 1941, 1942 жылдардағы бюджеттің орындалуы туралы есепті қарап, ол Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі көрсеткен мөлшерде бекітіл-сін деп ұсынды.

Бюджет комиссиясы 1944 жылғы мемлекеттік бюджеттің кірісі мен шығысын қарап, бұл бюджетте Ста-лин жоюдас кеңес халқы мен Қы-зыл Армия алдына қойған міндет-терге, республикамыздың шаруашы-лығы мен мәдениетін одан сайын өркендетуі міндеттеріне толық сөй-кес жасалғанын Жоғарғы Кеңеске білдіруді тиіс деп тапты.

Халық Комиссарлары Кеңесі сіз-дердің қарап бекітуіңізге ұсынған 1944 жылғы мемлекеттік бюджет кі-рісі жағынан 1 миллиард 663 мил-лион 759 мың сом, шығысы жағы-нан 1 миллиард 662 миллион 759 мың сом болып жасалды.

1943 жылмен салыстырғанда рес-публикамыздың мемлекеттік бюдже-тінің шығысы 357 миллион сом кө-бейді.

Халық шаруашылығын өркендету-ге және әлеумет-мәдениет жұмыс-тарына арналған қаражат едәуір ар-тады.

Халық Комиссарлары Кеңесі 1944 жылғы мемлекеттік бюджетті қан-дай жұмыстарға және қанша жұм-сауды дұрыс белгілеген.

Әлеумет (мәдениет) жұмыстары-на жалпы бюджеттің 66,1 проценті жұмсалды. Республикамызда оқу-ағарту жұмысын өркендетуге партия мыздың және кеңес үкіметінің қам-қорлық көрсетіп отырғандығына бұл айқын дәлел.

1944 жылы оқушылардың саны 188 мың адам артады. Өйткені бы-йылғы күзден бастап 7 жасқа тол-ған және одан асқан балалардың бәрін оқыту міндеті жүзеге асыры-лады. Халық шаруашылығы мен отан қорғау ісі үшін мұның ерекше маңызы бар. Мұның өзі елімізге ке-ректі оқас қызметкерлерді тез даяр-лаудың ең тынғылықты жолының бірі болып табылады.

Бюджеттен көркем өнер, баспа сөз және ғылым жұмыстарына ке-рек қаржы берілді.

Соғыс кезіндегі қыйыншылықтар-ға қарамастан денсаулық сақтау жұмыстарына арналған қаражат бю-джеттен көрнекті орын алады.

Әлеуметтік қамсыздандыру, отан соғысының мүтедектерін еңбекке үйрету кіме жұмсалатын қаражат едәуір артады.

Республикамыздың халық шаруа-шылығының хажетіне 300 миллион 595 мың сом беріледі.

Халық шаруашылығына арналған жалпы қаражаттың 55 проценттен артығы ауыл шаруашылығын өркен-дету жұмыстарына беріледі. Егер дұрыстап пайдалансақ, бұл қаржы

(Жалғасы 3-бетте).

Қазақтың Кеңес Социалистік Республикасының бірінші сайланған Жоғарғы Кеңесінің VII сессиясы

Қазақ КСР-ның 1944 жылғы мемлекет бюджеті және 1940, 1941, 1942 жылдардағы мемлекеттік бюджеттің орындалуы туралы

Қазақтың Кеңес Социалистік Республикасының Жоғарғы Кеңесінің бюджет комиссиясының председателі депутат Грузинцевтің қосымша баяндамасы

(Басы 2-бетте).

Ар Одағының Халық Комиссар Кеңесі мен БК(б)П Орталық Комитетінің республикамыздың өндіріс еңістер мен техника-стердің өнімін арттыру шаралары қаулысын орындау жөніндегі жұмыстарымыздың республикамыздың мал шаруашылығын оған сайын өркендету үшін орындауымызды толық істей етеді.

1943 жылғы мемлекеттік бюджеттің орындалуына қаражаттың негізгі қорындай.

1943 жылғы бюджеттен жұмсалмаған қаражат қандай кірістерден құралады?

Бұл қаражаттың негізгі көзі өткен жылдағы, бұйым да өндiру арқасымен, төлемдері алады.

Бюджеттен жұмсалмаған қаражат қандай кірістерден құралады?

Қазақ КСР Комиссарлары Кеңесі жергілікті бюджеттерді 1 миллиард 87 782 мың сом етіп белгіледі. 1943 жылғыдан 33,9 процент

өсіп келеді. Бюджет комиссиясы халық Комиссар Кеңесі жеке облыстар аты қаласының шаруашылығыне әлеумет-мәдениет жұмысының өркендеуі ерекшеліктері мен мұндағы өскерген деп тап

тапты. Бюджет комиссиясы республика-барлық Халық Комиссарият-ларының қағысуымен Қазақ 1944 жылғы мемлекеттік бюджеттің кірістері мен шығыстарының жағынан қадағалап қа-ты.

Бюджет комиссиясы еңгізген тап-бюджет комиссиясы еңгізген тап-бюджет комиссиясы еңгізген тап-бюджет комиссиясы еңгізген тап-

Бюджет комиссиясы еңгізген тап-бюджет комиссиясы еңгізген тап-бюджет комиссиясы еңгізген тап-бюджет комиссиясы еңгізген тап-

Бюджет комиссиясы еңгізген тап-бюджет комиссиясы еңгізген тап-бюджет комиссиясы еңгізген тап-бюджет комиссиясы еңгізген тап-

Бюджет комиссиясы еңгізген тап-бюджет комиссиясы еңгізген тап-бюджет комиссиясы еңгізген тап-бюджет комиссиясы еңгізген тап-

Бюджет комиссиясы еңгізген тап-бюджет комиссиясы еңгізген тап-бюджет комиссиясы еңгізген тап-бюджет комиссиясы еңгізген тап-

Бюджет комиссиясы еңгізген тап-бюджет комиссиясы еңгізген тап-бюджет комиссиясы еңгізген тап-бюджет комиссиясы еңгізген тап-

Бюджет комиссиясы еңгізген тап-бюджет комиссиясы еңгізген тап-бюджет комиссиясы еңгізген тап-бюджет комиссиясы еңгізген тап-

мады, берілген қаражаттың небары 18,5 проценті ғана жұмсалды. Малдың өнім-жігімі де болды. Сүт алу жоспары да кем орындалды. Жоспар бойынша әрбір сыйырдан 1000 литр сүт алу керек болса, іс жүзінде 736 литр сүт сауылды.

Совхоз шаруашылығының мұндай артта қалуы бюджетке едәуір ауыртпалық болды, жоспардан тыс қаржы жұмсап отыруға тура келді.

Совхоздарда қаражат жұмсау тәртібі нашар болды. 1943 жылғы 1 октябрьдегі есеп бойынша совхоздардың алашағы 16 миллион сом, берешегі 22 миллион сом болды.

Совхоздарда ішкі бақылау жұмысы нашар болды. Кейбір совхоздар бірнеше жыл бойына тексерілмей, өертпелмей келген. Мәселен, Қостанай облысындағы Соколов шошқа совхозы үш жыл бойына тексерілмеген. Бұл совхозда 1944 жылы тексергенде 133 мың сомның ұрланғаны, орынсыз жұмсалғаны анықталды.

Совхоздар Халық Комиссариятының басшылары мен совхоз дирек-торлары совхоздардың шаруашы-лық жұмысындағы елеулі кемшілік-терді оқою үшін жұмысты тезірек қайта құрулары керек, шаруашы-лықты совхоздар алдына қойылған міндеттерді орындау дәрежесіне жеткізіп, еліміздің алдыңғы қатар-дағы басқа коллективтермен шаруашылық салаларынан қалыспау-лары керек.

Жергілікті өнеркәсіп пен коопера-ция өнеркәсібі соғыс жағдайында бюджеттің кірістерін көбейтетін ма-ңызды орындар болуы керек.

Жергілікті өнеркәсіп пен коопера-ция өнеркәсібі өркендегілсе, ол мемлекеттік бюджеттің кіріс қорла-рын арттырады, оның үстіне халық-ты көпшілік тұтынағын товарлармен қамтамасыз ету жөнінде мемлекет қорларын үнемдеуге жол ашады.

Соғыс кезінде жергілікті өнеркә-сіп орындары көпшілік тұтынағын товарлардың өнімін арттыру және жаңа кәсіп орындарын ұйымдасты-ру, товардың түр-түрін көбейту жө-нінде көп жұмыс істеді.

Үш жылдың ішінде жергілікті өнеркәсіптің көпшілік тұтынағын товарлар шығаруы бес еседен аса артты. 1940 жылы 10 миллион 600 мың сомдық көпшілік қолды товар-лар шығарылған, ал 1943 жылы 56 миллион 300 мың сомдық товар шы-ғарылды. Баға жағынан да жоспар-дың орындалуы жақсанып отыр.

Бірақ, жергілікті өнеркәсіптің жұ-мысын баға жағынан алып қарай-тын болсақ, мұнымыз үлкен хатә бо-лар еді.

Жоспардың орындалуын әр сала-да жасалатын товардың түр-түрі жағынан қарап, тереңрек тексер-ген болсақ, біз көп ірі кемшіліктер барын көреміз.

Совхоздар мен колхоздарға арба өте хажет. Арбаның жеткіліксізді-гінен астық тасу, пішен дайындау сыяқты бірсыпыра маңызды жұмыс-тар бөгеледі. Ал, арба жасау жос-

парының орындалуы қандай? Жос-пар бойынша 9 мың 850 арба жасал-ды, яғни республикамыздың шаруа-шылықтарына 1 мың 300 арба кем берілді. Шапалар да осындай жа-салды.

Республикамызда құрылыс мате-риалдары өте хажет, ал құрылыс материалдарын шығару өте мөте артта қалып келеді.

Жоспар бойынша 21 миллион 700 мың кірпіш шығару керек еді, іс жүзінде небары 1 миллион 200 мың кірпіш шығарылды, яғни жоспар 5,8 процент орындалды.

Жергілікті өнеркәсіп 1943 жылы 4 миллион 100 мың ағаш қасықты және 2 миллион 150 мың липрлік ыдысты жоспардан кем берді. Бұл бұйымдарды жасау үшін республи-камызда шикі зат жеткіліксіз бе? Жоқ, жеткілікті. Жергілікті өнеркә-сіп қызметкерлері бұл іске жеткілік-ті көңіл бөлмей келеді. Тарақ жа-сау жоспары небары 54,3 процент, кір сабын қайнату жоспары 54,3 процент орындалды. Балық аулау үшін жергілікті өзен-көлдерді пай-далануымыз нашар.

Республикамызда көпшілік тұты-нағын товарлар жасайтын жалпы өндірістен қолөнершілер кооперация-сы едәуір орын алады. Бірақ, товар-дың түр-түрі жағынан өндіру жос-пары орындалмай келеді. Жоспар бойынша 50 түрлі бұйым жасау кер-ек еді, іс жүзінде небары 13 түрлі бұйым жасалып отыр. Жергілікті өнеркәсіптің, әсіресе, құрылыс мате-риалдары өндірісі артта қалып келе-ді.

Қазақстан қолөнершілер кеңесі-нің артельдерінде қаржыны, затты үнемдеу, өнімнің түсер бағасын кемі-ту, қаражат шаруашылығында тәр-тіп орнату жұмыстарымен шұғыл дауу мүлде жеткіліксіз.

Көп артельдерде жоспарлы есеп бағалары жасалмайды. Артельдер-дің көбінде шикі затты, отынды, не-гізгі және көмекші материалдарды жұмсау мөлшерлері жасалмаған, мұ-ның салдарынан бағалы заттар едә-уір артық жұмсалып кетеді.

Алашақты оқою туралы республи-камыздың халық комиссарлары ке-ңесінің бірсыпыра қаулылары бола-тұрса да, қол өнершілер кооперация-сында алашақ әлі көп. Оның ала-шағы 1943 жылғы 1 январьда 13 миллион 376 мың сом болса, 1943 жылғы 1 октябрьде 17 миллион 862 мың сом болды.

Осының салдарынан 1943 жылы мемлекеттік бюджетке табыс салы-ғы, алғашқы мәліметтер бойынша, 5 миллион сомнан аса кем түсті.

Қазақстанның қолөнершілер ке-ңесінің басшылары материал мен қаражатты үнемдеу мәселесін жете бағаламауды енді жойып, қаражат шаруашылығында тәртіп орнату ке-рек, оның есеп-хисабын ретке салуы керек.

Көпшілік қолды товарды өткізу

жөнінде бұрмалаушылықтар болып келеді.

1943 жылы республикамыздың сауда ұйымдары 199 миллион сом-дық көпшілік қолды товар алуға тиіс еді, іс жүзінде 11 айдың ішін-де 123 миллион сомдық көпшілік қолды товар алды, яғни жоспар не-бары 61 процент орындалды. Жергі-лікті өнеркәсіп пен кооперация өнер-кәсібінің товарларын алу жөніндегі шарттардың орындалмау себебі көп-шілік қолды товарлардың бірсыпы-ра сауда орындарына соқпастан түрлі кәсіп орындарының складта-рынан жіберіліп отырғаны болды.

Қазақстанның қолөнершілер ке-ңесінің Алматы қаласындағы «Объ-единение» артели 1943 жылдың ал-ғашқы 6 айы ішінде 863 мың сом-ның аяқ киімін тікті. Осыдан 415 мың сомдық аяқ киім, яғни 50 про-центке жуығы, сауда орындарына соқпастан, тікелей берілді, мұның өзі өте орынсыз. Мұндай мысалдар көп кездеседі. Сондықтан сауда Ха-лық Комиссарияты және еңбекші-лер депутаттарының жергілікті ке-ңестері бұған қарсы батыл күресу керек.

Бюджетке қосымша қаражат бере-тін маңызды жұмыстың бірі—бұ-йымның түсер бағасын кеміту. Фи-нанс халық комиссары бұған толық тоқтап өтті.

Олай болса өнеркәсіп халық ко-миссарияттары мен кәсіп орындары-ның басшылары жоспардың толық және артығымен орындалуын қамта-масыз етіп қана қоймай, кәсіп оры-ндарының қаражат жоспарының, бұ-йымның түсер бағасын кеміту, қор-жыйнау жоспарының орындалуын да қамтамасыз етіп, мемлекеттік бюджет алдындағы міндеттемелерді бұлжытпай орындап отыруға мүм-кіншілік туғызулары керек.

Партия мен үкімет киноға ерекше баға беріп отыр. Оған соғыс кезін-де киноның ерекше мәні бар. Ама-на, әсіресе ауыл-селоларымызда ки-ноның халық хажетін өтеуі қанағат-танғысыз. Сондықтан да БК(б)П Орталық Комитетінің газеті «Прав-да» бұйылғы 24 марттағы басмақа-ласында бұл істері кемшілікті өте-діруіне сынады. Шынында да 1943 жылы 490 кино орны пайдаланылу-ға тиіс еді, іс жүзінде небары 370 кино орны пайдаланылды, жоспар небары 75,7 процент орындалды.

Кино-театр үйлері киноның өзіне пайдалану туралы үкіметтің бірсыпыра қаулылары бола тұрса да, кино бас-қармасы бұл қаулыларды орындау-ға тиісті шаралар қолданбады. Көп кинотеатрлар ұзақ уақыт бойына жұмыс істемеді, олардың үйлері бас-қа хажетке пайдаланылды.

Әсіресе, ауыл-селодағы кинола-рының пайдаланылуы нашар. Ауыл-се-лодағы 252 көпшілік кинодан неба-ры 114 кино, яғни 45 проценті жұ-мыс істеді. Олардың да қарап тұр-ған уақыттары көп болды.

Кино басқармасы республикамыз-дағы, әсіресе ауыл-селодағы кино-лардың жұмысын тәртіпке салуға керекті шаралардың бәрін қолдануы хажет. Еңбекшілер депутаттарының

(Жалғасы 4-бетте)

Қазақтың Кеңес Социалистік Республикасының бірінші сайланған Жоғарғы Кеңесінің VII сессиясы

Қазақ КСР-ның 1944 жылғы мемлекет бюджеті жөне 1940, 1941, 1942 жылдардағы мемлекеттік бюджеттің орындалуы туралы

Қазақтың Кеңес Социалистік Республикасының Жоғарғы Кеңесінің бюджет комиссиясының председателі депутат Грузинцевтің қосымша баяндамасы

(Жалғасы. Басы 2-3 беттерде).
жергілікті кеңестері кино мекемелеріне барылша көмектесуі керек, әсіресе, көшпелі киноларға көлік жағынан жәрдемдесуі керек.

Депутат жолдастар! Соғыс жылдарында еңбекшілер депутаттарының жергілікті кеңестері заемдар, ақшалай-заттай лотереялар тарату, соғыс салығын жыйнау және басқа жолдармен халықтың ақшалай қаражатын пайдалану жөнінде көп жұмыс істеді, сөйтіп мемлекеттік бюджет кірістерінің толық және артығы мен орындалуын қамтамасыз етті. Мұнымен қатар кейбір облыстардың жергілікті кеңестері өздерінің бюджеттерін ойдағыдай орындай алмады.

1943 жылы Қостанай, Батыс Қазақстан, Алматы облыстары және Финанс Халық Комиссарының баян дамасында көрсетілген басқа кейбір облыстар алым-салық жыйнау жоспарын орындамады.

Бюджеттің шығын жағын орындау жөнінде кейбір облыстар әлеумет-мәдениет жұмыстарына және халық шаруашылығына арналған қаражатын жақсы меңгере алмады. Әсіресе, қала шаруашылығына және пәтер-үйлер шаруашылығына арналған қаражат кем менгерілді. Ал, қалалар мен аудандарда пәтер-үйлер, қонақ үйлер, мотельдер негізінен жөндеуді керек қылады.

Алматы облысында қала шаруашылығына және пәтер-үй шаруашылығына берілген қаражат 1943 жылы небәрі 74,3 процент, Оңтүстік Қазақстан облысында 67,4 процент пайдаланылды.

Бірсыпа аудандарда, әсіресе ауыл-село кеңестерінде соғыс кезде қаражат және бюджет жұмысына көңіл бөлудің нашарлағанын көрсетіп өту қажет. Кейбір аудандар мен ауыл-село кеңестері кіріс қорларын көбейтуге жергілікті бюджеттегі мекемелер мен ұйымдарға мезгілінде қаражат беріп тұруға жеткілікті көңіл қоймады.

Соғыс жылдарында Финанс Халық Комиссариаты, оның жергілікті бөлімдері мемлекеттік бюджеттің кірістерін орындау және Республикамыздың шаруашылығы мен мәдениетінің барлық салаларына мезгілінде қаражат беріп тұру жөнінде көп жұмыс істеді.

Мұнымен қатар, Финанс Халық Комиссариаты мен оның жергілікті бөлімдері шаруашылықтың жаңа салаларының қаражат жұмысын жеткілікті бағаламай келеді.

Финанс Халық Комиссариаты Халық Комиссариаттары мен мекемелердің есептерін жеткілікті тексермеді, есеп беру тәртібі нығайтуға жеке күш салмады. Ағаш, тамақ өнеркәсібі Халық Комиссариаттарының көсіп орындарында және басқа кейбір мекемелер мен ұйымдарда алашақ пен берешек өте көбейді. Финанс Халық Комиссариаты мұның есептерін тексермеді, Халық Комиссариаттарының басшылары мен бірге көсіп орындары мен сауда ұйымдарында қаражат шаруашылығын жақсартуға тиісті шаралар қолданбады.

Бюджет комиссиясы Финанс Халық Комиссариатына, мемлекеттік қауіпсіздендіру орындарының жұмысы өте нашар екенін және Халықтың қаражатын пайдалану жөнінде жыйнақ қасаларының жұмысын жақсарту керек екенін ескертеді.

Депутат жолдастар! Кеңес елінің қаржы шаруашылығы соғыс жылдарында ауыр сындарға төтеп берді. Кездескен қиыншылықтардың бәріне қарамастан, майдан мен шаруашылыққа керекті қаражат мезгілінде, тоқтаусыз беріліп отырды. Мемлекетіміздің қаржы шаруашылығы тұрақты және баянды болып шықты. Халық шаруашылығының орасан өскендігі және кеңес халқының асқан патриоттығы бұған берік негіз болды.

1944 жылғы мемлекеттік бюджеттен республикамыздың өнеркәсібі мен ауылшаруашылығын, транспорты мен әлеумет-мәдениет құрылысын оған сайын өркендетуге көп қаражат жұмсалады.

Бюджетті орындау еңбек өнімділігін оған сайын арттыруды, бұйымның бағасын кемітуді, үнемшілік тәртіпін булықтай орындауды, ұқыпсыздықтың, салақтықтың қандай-бы болса да батыл жоюды талап етеді. Мұның өзі еңбекшілер депутаттарының жергілікті кеңестеріне, финанс және шаруашылық орындарының басшыларына, қоғам ұйымдарына бюджеттің кіріс қорларының бәрін толық орындауды, мемлекет қаражатын тиісті жеріне пайдалануды міндеттейді.

Мемлекеттік бюджет быйыл алдымызда зор міндеттер тұрғанын көрсетеді. 1944 жылы Республикамыздың халық шаруашылығының мәдениетін оған сайын өркендету, Қызыл Армиямыз бен Соғыс-Теңіз Флоты қуатын оған сайын арттыру үшін Қазақстан еңбекшілері Кеңестер Одағындағы басқа туысқан халықтардың бәрімен қол ұстасып, бұл жолға өзінің барлық күш-қайратын аябай жұмсайтынығы күмәнсіз.

Депутат жолдастар! Қазір бүкіл еліміз бір мақсатта—жексүрші жауды неғұрлым тез талқандап жою мақсатын көздеп отыр. Соғыс аяқталуға бет алып келеді. Жаудың әскерлерін толық талқандап, оғанғымызды неміс-басқыншылардан біржолата азат ететін күш жақын.

Бұл хұрметті тарихи міндетті орындау ісінде қазақ халқы ұлы орыс халқымен қол ұстасып алға басуда, Қазақстанның тандаулы ұлдары көп ұлпты ұлы Кеңестер Одағының барлық жауынгерлерімен бірге өз еліміздің еңбекшілерін ғана емес, Европаның құлдыққа салынған халықтарын да азаттыққа жеткізеді. Бұл жеңіске қарай бізді Ленин—Сталиннің ұлы партиясы, Жоғарғы Бас қолбасшымыз Кеңестер Одағының маршалы Сталин жолдас баспап отыр.

ЕГІС ЖҰМЫСЫ ҚЫЗУДА

ЯВЛЕНКА. (Арнаулы тілшімізден). Ленин ауданының колхоздары үшінші соғыс көктеміне ұйымдасқан түрде қызу кірісті. Колхозды ауылдың егіс даласында май мерекесі алдындағы социалистік жарыс кеңірек алып, еңбек майданында жұмыс қыза түсуде.

Аудан колхоздары көктемгі егіс жұмыстары басталғаннан бері 3214 гектар жер жыртып, өткен жылғы жыртылған пар мен зябытың 6.814 гектарын тырмалады. 308 гектар жерге тұқым сеіті.

Көктемгі егіс жұмысын «Булақ» колхозы (председателі Нұрғалиев жолдас) ойдағыдай ұйымдастырды. Бұл колхоз екі күнде 81 гектар жер жыртып, 139 гектар жер тырмалады. Егіс жұмысындағы колхозшылар май алдындағы социалистік жарысқа қосылып, күнделік жұмыс мөлшерін үнемі артық орындап жүр.

Сол сыяқты «Земледелец» колхозының (председателі Потапов жолдас) мүшелері көктемгі егісті өндірістік өрлеумен қарсы алды. Олар егіс жұмысына кіріскен күні 34 гектар жер жыртып, 120 гектар жерді тырмалап, тұқым себуге өзіндері әзірледі.

Көктемгі егіске жақсы дайындықпен кіріскен колхоздардың бірі «Со-

ветский» колхозы. Бұл колхоздың мүшелері егіс жұмысын қысқа мерзімде, жоғары агротехникалық сапада өткізу үшін егіс даласында қажетті еңбек етіп, екі жұмыс күні ішінде 61 гектар жер жыртып, 155 гектар егіс жерін тырмалады.

Алайда, кейбір колхоздардың басшылары арқаны кеңге салып, жай-баракаттықта отыр. Воровский атындағы колхоздың председателі Яровой жолдасының колхозшылардың еңбегін дұрыс ұйымдастыра алмағандығынан егіс жұмысының қарқыны алғашқы күннен бастап-ақ баяулыққа ұшырады. Колхоз 447 гектар жер тырмалауға тиісті. Аманне, Яровой жолдасының «Әлі уақыт ерте, үлгереміз ғой»—деген сыяқты пікірінің салдарынан 130 гектар ғана жер шала-шарпы тырмаланды.

Колхоз председателі Яровой жолдас колхозшылардың өнімді еңбек істеуін қамтамасыз ету үшін мүмкіндік бола тұрса да, көпшілік тамақтандыру ісін ұйымдастырмай отыр. Сондықтан да колхозшылар жұмысты күндізгі сағат 12де бастап, кешкі сағат 7де аяқтайды.

Колхоз басшылары еңбек ұйымдастыру жұмысындағы елеулі кемшілікті дереу жойып, егіс жұмысының қарқынын күшейтуге міндетті.

Жас темір ұстасы

Октябрь ауданының Чапаев атындағы ауыл шаруашылық артельінде бірсыпадан бері Бектұров жолдас темір ұстасы болып істейді. Ол 1927 жылы туған. Колхозда бұрын 5 соқа болса, жас ұста Бектұров жолдас оны қазір 12 соқаға жеткізді. Мұның едәуірін Бектұров жолдас ескі соқалардан құрастырды.

Бектұров жолдас жуырда Ленин-Сталин комсомолының қатарына қа-

былданды. Ол комсомол қатарына қабылдандарда «Бұл зор қуанышқа жауап ретінде мен егіс кезінде жанаямай еңбек істеймін, жұмыс үстінде бұлнған құрал-саймандарды дереу жөндеп отырамын» деп серт берді.

К. ЖҮСІПОВ.

Чапаев атындағы колхоздың бастауыш комсомол ұйымының секретарі.

Комсомол партияның сенімді көмекшісі

Комсомол партияның сенімді көмекшісі. Комсомол ұйымының жұмысы жемісті болуы үшін оған партия ұйымы басшылық жасап, үнемі көмектесіп отыруы тиіс.

Өткен жылы біздің колхоздың бастауыш комсомол ұйымына партия ұйымының басшылығы мен көмегі айтарлықтай болмады. Осының салдарынан комсомол ұйымы (секретарі Байшағырова жолдас) жұмысты нашар істеді. Жыл бойына комсомолецтердің 5-рет ғана жыйылысы болды. Комсомол қатары тандаулы жастардың есебінен өспеді. Комсомолец-жастар колхоз жұмысына белсене қатыстырылмады.

Быйылғы жылдың бас кезінде партия ұйымында комсомол ұйымының жұмысы жөнінде арнаулы мәселе қаралып, Байшағырова жолдас қызметінен босатылды, сөйтіп ұйымның жұмысын жақсарту жөнінде нақтылы шаралар белгіленді. Қазір бұл шаралар жүзеге асырылуда.

Партия ұйымының қолма-қол басшылық жасауы нәтижесінде қазір комсомол ұйымының жұмысы негізінен жақсарды. Қазір комсомол ұйымы жұмысты жоспар бойынша істейді. Комсомолецтерге тапсырмалар беріп, оның орындалуы үнемі бақылауы отырады. Колхозшы жастар арасында саяси-тәрбие жұмысы неғұрлым жақсара түсті.

Комсомол ұйымы комсомолецтер-

дің саяси-білім дәрежесін көтеру ісіне ерекше көңіл бөлді. Комсомолецтер Сталин жолдасының «Кеңестер Одағының Ұлы Отан соғысы туралы» кітабын оқып, үйренді. 12 комсомолец үгітші болып істейді. Олар колхозшылар арасында үгіт-көпшілік жұмысын колхоз өндірісіне байланыстыра жүргізеді.

Комсомолецтер мен жастар колхоз өндірісінде қажетті еңбек істеп жүр. Комсомолка Қарымсақова жолдас қой фермасында шопан болып қызмет істейді. Ол төл алу жұмысын үлгілі ұйымдастырды. Қазір 80 қозыны мәпелеп күтуде. Күш-күштіктерін күту жұмысында Сыздықова жолдас үлгілі еңбек істеп жүр.

Комсомолецтер мен жастар майдандағы Қызыл Армия жауынгерлерінің балаларына арнап киім-кешек, 500 сом ақша, кітап, қағаз, қарындаштар жыйнады.

Колхоз комсомолецтері мен жастары көктемгі егісті үлгілі өткізу үшін күш жұмсауда.

К. ЗІКІРИН,

Чкалов ауданындағы «Қара ағаш» колхозы партия ұйымының секретарі.

Жауапты редактордың орынбасары К. ӘЛІМБАЕВ.